

М.К. Жұрынова 

М.С. Нәрікбаев атындағы Қазақ гуманитарлық заң университеті,
Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ., e-mail: m_zhurunova@kazguu.kz

ЕО ЕҢБЕК КӨШІ-ҚОНЫНЫҢ ТӘЖІРИБЕСІ МЕН ОНЫ ЕЭО ҚОЛДАНУДЫҢ МҮМКІНДІГІ

Мақала Еуропалық Одақтың көпжылдық тәжірибесін заңнамалық және тәжірибелік талдауға және Еуразиялық экономикалық одақ аясында жұмысшылардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға осы озық тәжірибені қолдану мүмкіндігіне негізделген.

Бұл екі аумақтық одақтардың ерекшеліктеріне салыстырмалы талдау жасау кезінде халықаралық әмбебап ұйымдардың қызметіне зерттеу жасауды айналып өте алмадық.

Мақаланың мақсаты – ЕО-ның еңбек көші-қонын реттейтін бағдарламалары мен ережелерін, сондай-ақ Еуразиялық экономикалық одақта қолдануға болатын құқықтық аспектілерді жан-жақты зерттеу арқылы мәселелер мен шешімдерді айқындау. Осы мақаланың ғылыми-практикалық құндылығы – алғаш рет Еуразиялық экономикалық одақ аясындағы жаңа құқықтық тетіктерді ұсыну, халықаралық ұйымдар мен бірлестіктердің, еңбек құқығын қорғау саласындағы көп жылдық тәжірибесі бар одақтардың тәжірибесін көрсету. Салыстырмалы құқықтық әдісті қолдану арқылы ЕЭО қолдануға болатын тәжірибелер анықталды. Тарихи құқықтық әдіс арқылы ЕЭО құрылуы мен оның еңбекшілерге қатысты атқаратын қызметі анықталды.

ЕЭО ЕО тәжірибесін басшылыққа ала отырып, еңбекшілердің құқықтарын реттеудің тиімді жолдары ұсынылды. Атап айтқанда, салт-дәстүрлерді қалыптастыру, аумақтық келісімдерді нығайту, үшінші мемлекеттердің еңбекшілеріне жеңілдіктер беру жағдайын қарастыру.

Түйін сөздер: ЕО, ЕЭО, Лиссабон келісімшарты, ЕЭО келісімшарты, еңбек көші-қоны.

M.K. Zhurunova

M. Narikbayev KAZGUU University,
Kazakhstan, Nur-Sultan, e-mail: m_zhurunova@kazguu.kz

Experience of labor migration in the EU and the possibility of its application in the EAEU

The article is based on the legislative and practical analysis of the long-term experience of the European Union and the possibility of applying this best practice to protect the rights and freedoms of workers in the framework of the Eurasian Economic Union. In a comparative analysis of the characteristics of these two territorial unions, we could not lose sight of the activities of international universal organizations.

The purpose of the article is to identify problems and solutions through a comprehensive study of the EU programs and regulations governing labor migration, as well as the legal aspects that can be applied in the Eurasian Economic Union.

The scientific and practical value of this article is to propose for the first time new legal mechanisms within the framework of the Eurasian Economic Union, to illustrate the experience of international organizations and associations, unions with many years of international experience in the field of labor rights protection.

Using the comparative legal method, the experience of the EU was revealed, which can be used within the EAEU. The historical legal method set the goal of creating the EAEU and its role for working people of the EAEU.

The EAEU, based on the experience of the EU, offers effective ways to regulate the rights of workers. In particular, they considered the possibility of forming customs and traditions, strengthening territorial agreements, and providing benefits to employees in third countries.

Key words: EU, EAEU, Lisbon Treaty, EAEU Treaty, labor migration.

М.К. Журунова

АО “Университет КАЗГЮУ им. М.С. Нарикбаева”,
Казахстан, г. Нур-Султан, e-mail: m_zhurunova@kazguu.kz

Опыт трудовой миграции в ЕС и возможность ее применения в ЕАЭС

Статья опирается на законодательный и практический анализ многолетнего опыта Европейского Союза и возможности применения этого передового опыта для защиты прав и свобод работников в рамках Евразийского экономического союза. При сравнительном анализе особенностей этих двух территориальных союзов мы не смогли упустить из виду деятельность международных универсальных организаций.

Целью статьи является выявление проблем и путей их решения посредством всестороннего изучения программ и нормативных актов ЕС, регулирующих трудовую миграцию, а также правовых аспектов, которые могут быть применены в Евразийском экономическом союзе. Научная и практическая ценность статьи заключается в том, чтобы впервые предложить новые правовые механизмы в рамках Евразийского экономического союза, проиллюстрировать опыт международных организаций и объединений, союзов, имеющих многолетний международный опыт в области защиты трудовых прав. При использовании сравнительно-правового метода был выявлен опыт ЕС, который может быть использован в рамках ЕАЭС. Исторический правовым методом установили цель создания ЕАЭС и его роль для трудящихся граждан ЕАЭС.

ЕАЭС, основываясь на опыте ЕС, предлагает эффективные способы регулирования прав трудящихся. В частности, рассмотрели возможность формирования обычаев и традиций, укрепление территориальных соглашений, предоставление льгот работникам в третьих странах.

Ключевые слова: ЕС, ЕАЭС, Лиссабонский договор, договор ЕАЭС, трудовая миграция.

Кіріспе

Еуропалық одақтың тәжірибесінде еңбекшілердің құқықтарын реттеу көпжылдық озық тәжірибесімен қызықтырады. Еуразиялық экономикалық одақтың жаңадан құрылып, әлі де болса өзіне ұқсас ұйымдардың тәжірибесін басшылыққа ала отырып, еңбекшілердің құқықтарын қорғау мәселесі бойынша орын алып отырған бос орындармен жұмыс жасау тәжірибелік және теориялық жағынан өзекті болып табылады.

Мақаланың объектісі болып, ЕО және ЕЭО орган ретінде еңбекшілерінің еркін еңбек ету қозғалылысы кезіндегі құқықтарын реттеудегі қоғамдық қатынастар саналады. Пәні ретінде, ЕО және ЕЭО басшылыққа алатын халықаралық эмбебеп ұйымдардың конвенциялары мен қағидаттары, салт-дәстүрлері, сот шешімдері мен кеңестік қорытындылары, осы одақтардың органдарының шешімдері.

Мақаланың мақсаты болып, ЕО еңбек көші-қоны тәжірибесіне кешенді зерттеу жүргізу арқылы, үздік тәжірибені ЕЭО еңбекшілері құқықтарын жақсартудың механизмдерін ұсыну. Ол үшін мына міндеттер қойылды: ЕО және ЕЭО еңбекшілерінің құқықтарын халықаралық деңгейде реттеуге жағдай туғызатын қайнар көздерді зерттеу, ЕО сот тәжірибесін қарастыру, ЕО салт-дәстүріне талдау жасау.

Мақаланы жазу барысында ЕЭО орнынан жаңа еңбектеп келе жатқан бала сияқты, тәжірибесі аз одақ екенін ескере отырып, бірақ жеңіл атлетик иесі ЕО серіктестік қатынас орнату арқылы, еңбекшілерінің еркін еңбек ету қозғалысында болуы үшін ЕО тәжірибесі және жаңа механизмдерді енгізу қарастырылды. ЕО және ЕЭО серіктестік қатынас орнату мәселесі ЕЭО шекарасын ЕО ашатын жол ретінде қарастырамыз. Әрине бұл саясат мәселесі болғандықтан, біздің зерттеуіміз ЕЭО аумағындағы еңбекшілердің еркін қозғалыста болуына жағдайлар жасауды реттеумен тығыз байланысты болады.

Материалдар мен әдістер

Мақаланы жазуда қолданылған қайнар көздер адам құқықтарын қорғайтын халықаралық құжаттар мен еңбекші мигранттардың құқықтарын реттейтін ХЕҰ Конвенциялары, шетелдік авторлардың еңбегі мен ЕЭО мүше мемлекеттердің азаматтарының ғылыми еңбектері. Мақаланы жазуда салыстырмалы құқықтық әдіс ЕО және ЕЭО еңбекшілердің құқықтары мен бостандықтарын құқықтық реттеуде қолданылды. Догматикалық әдіс еңбекшілер құқықтарына байланысты ғалымдардың жазған ойларымен келісу немесе келіспеу мақсатында қолданылды. Тарихи құқықтық әдіс ЕО және

ЕЭО қандай мақсатта қолданылып, олардың еңбекшілерге қатысты қандай іс шараларды жүзеге асыратыны қарастырылды. Талдау әдісі әрбір құқықтық мәселеге теориялық және тәжірибелік тұрғыдан зерттеу жасауға көмектескен болса, синтездеу әдісі талдауға белгілі бір қорытынды жасауға көмегін тигізді.

Талқылаулар мен қорытындылар

ЕО аясында еңбекші мигранттардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау туралы зерттеу жұмыстарын жүргізу бізге қандай ерекшеліктер береді? ЕО миграциялық саясатынан көретініміздей, халықаралық деңгейде адамдардың құқықтарын қорғау мәселесі басшылыққа алынғаны. Бұл жерде басты бағыт еңбекші мигранттардың еркін кедергісіз қозғалыста болуы, еңбек миграциясының қозғалысын талдау жасау арқылы оның қандай аудандарда дамып отырғаны, қай салада қажеттілігі бар екені, қандай саланы дамытуға септігін тигізетінін, еңбекші мигранттардың ішкі еңбек нарығына әкелетін тиімді және тиімсіз жақтарына қорытынды жұмыстар жүргізудің қажеттілігі.

ЕО пен ЕЭО аумақтық бірігулер ретінде еңбекшілерінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауда өзіндік ерекшеліктерімен сипатталады. Бұл екі түрлі аумақтық бірлестіктер еңбек көші-қоны мәселесін зерттеу кезінде халықаралық әмбебап ұйымдардың қызметін зерттемей, олардың көмегінсіз қызметін жалғастыра алмайды. Сондықтан да, еңбек көші-қонын ЕО және ЕЭО аясында зерттеу тақырыбының аясы әрқашанда халықаралық деңгейде қарастырылатынын бекітеміз.

Адам құқықтарын халықаралық деңгейде қорғау мәселесі әрқашанда өзекті болып келген. Бұл мемлекеттің ішкі деңгейінде жаңа мүмкіндіктерді пайдалану арқылы, өзінің салт-дәстүрін дамытуға септігін тигізіп отырған. Бір орнында тұрмай, даму жолында келе жатқан нарықтық заманның талабына сәйкес, халықаралық құқық нормаларын басшылыққа алып, оларды имплементациялауды жүзеге асыру сұрақтары қашан болса да өзектілігін жоғалтпайды.

Қазіргі халықаралық құқықтың ұстанатын позициясы, әрбір азаматының ешқандай шектеусіз құқықтар мен бостандықтарға ие болатынын ұстанады. Бұл нұсқаулық Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясында және де өзге де адам құқықтары туралы

Пактілер мен халықаралық құжаттардан орнын тапқан.

Осындай адам құқықтарын халықаралық деңгейде реттеудің басты объектілерінің бірі еңбек мигранттары саналады. Миграциялық қозғалысты халықаралық құқықтық деңгейде реттеудің мәселесі 80 жылдан астам уақытқа кеткенін Г.Г. Гольдин және авторлар ұжымы өздерінің еңбектерінде атап кеткен (Гольдин 2010: 23.).

Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларацияның 13 бабында: Әр адамның өзі қалаған мемлекетінде көшіп-қонуы мен өз еліне қайтып оралуына құқығы бар екенін көрсеткен (adilet.zan.kz). Әрине бұл норма еңбекшілердің де өзі қалаған мемлекетінде еңбек ету мақсатында көшіп-қонуы мен өз еліне қайтып оралуына құқығы болатынына жол береді.

Олардың құқықтары мен бостандықтарын халықаралық құжаттар мен келісімдердің көмегінсіз жүзеге асыру мүмкін емес. Еңбекші мигранттардың басқа мемлекетке барып еңбек етуінің мақсаты өздеріне қолайлы, өмір сүруіне лайықты тұрақты жұмыс табуымен байланысты екенін білеміз. Еңбекшілердің қандай да бір кедергілер мен заңсыз еңбек көші-қонымен айналысуынан мемлекеттер ішкі еңбек нарығын қорғау мен керісінше елдің экономикасын, әл-ауқатын жақсарту мақсатында мемлекет араларында келісімдерге келуді көздейді. Бұл келісімдер ортақ талаптарға ие болуы үшін одақтарға бірігіп, бір бағытты ұстанып жатады.

Еңбекшілердің құқықтарын халықаралық деңгейде қорғауды халықаралық әмбебап ұйымдардың және халықаралық одақтарға бірігу арқылы реттеледі. Халықаралық одақтарға бірігіп еңбекшілердің құқықтарын реттеу тәжірибесінің өзі (ЕО, ЕЭО) жүзеге асыруынан бұрын, Біріккен Ұлттар Ұйымының (ары қарай – БҰҰ) және оның арнайы бөлімдерінің құқық қолдану тәжірибесі арқылы реттелгенін білеміз.

БҰҰ еңбекшілердің құқықтарын қорғауда жұмыс атқаратын бір бөлімшесі Халықаралық Еңбек Ұйымы (ары қарай – ХЕҰ) болып табылады. Бұл ұйымның басты органы Халықаралық Еңбек конференциясы, ол жыл сайын жиналып отырады. Басты қызметі еңбек саласы бойынша халықаралық стандарттар мен конвенциялар, нұсқаулықтар қабылдайды. Әрине ХЕҰ Конвенциясын мойындаған мемлекеттер, оның нормасын орындауға міндетті болса, нұсқаулықтарын мойындаудың қажеттілігі жоқ, бірақ мемлекеттер осы нұсқаулықтарда кездесетін нормаларды

ішкі заңнамасы мен тәжірибесінде қолданып отыратын жағдайлар да бар.

Осындай ХЕҰ еңбекші мигранттардың құқықтары мен бостандықтарымен байланысты нормаларын қамтитын бірнеше Конвенциялары бар. Атап өтетін болсақ:

Еңбекші мигранттар туралы 1949 жылғы № 97 Конвенциясы.

Осы Конвенцияның аясында еңбекші мигранттардың мәселелері алғаш рет нақты қарастырылды (<https://online.zakon.kz>).

- Ел азаматтарының және шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың әлеуметтік саласындағы тең құқықтары туралы қамтамасыз ету туралы 1962 жылғы № 118 Конвенциясы (<https://online.zakon.kz>).

- Көші-қон саласындағы және еңбекші-мигранттарды қамтамасыз ету саласындағы құқық бұзушылықтар туралы 1975 жылғы № 143 Конвенциясы (<https://online.zakon.kz>).

- Еңбек және кәсіп саласындағы кемсітушілік туралы 1958 жылғы № 111 Конвенциясы (<https://online.zakon.kz>).

Аталған Конвенциялардың негізінде еңбекші мигранттардың ЕО және ЕЭО шегінде еңбекшілердің құқықтары реттелуге жатады. Әрине бұл тізіммен Конвенциялар шектеліп қалған жоқ.

БҰҰ басқа да еңбекші мигранттардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауды реттейтін халықаралық үкіметаралық ұйым – Халықаралық көші-қон ұйымы саналады. Бұл мекеменің конституциясына сәйкес атқаратын жұмыстары: халықаралық деңгейде көші-қон қызметтерін көрсету; мемлекет аралық және халықаралық ұйымдар арасында көші-қонға байланысты ынтымақтастықты нығайту; реципиент елге еңбекшілерді қабылдаған кезде, олардың экономикасын арттыратын жаңа мүмкіндіктерді қалыптастыру; еңбек көші-қонымен байланысты өзекті мәселелер туындаған жағдайда мемлекеттерге, халықаралық үкімет аралық және үкімет аралық емес мекемелерге кеңестер мен зерттеу жұмыстарын жасауға жәрдемдесу; еңбекшілерге көші-қон кезінде жәрдемдесу саналады.

Бұл мекеменің басты қызметі халықаралық деңгейде мемлекеттермен және халықаралық ұйымдармен ынтымақтастықта болып, еңбек көші-қонына жәрдем берумен тікелей байланысты екенін анықтадық.

Осылай, еңбек көші-қонын халықаралық құқықтық деңгейде реттеудің келесідей қайнар көздерін көрсете аламыз:

1. Халықаралық шарттар;

2. Халықаралық салт-дәстүр;

3. БҰҰ және адам құқықтары туралы ЕО сотының шешімдері;

4. Халықаралық ұйымдардың актілері.

Еңбек көші-қонын халықаралық құқықтық деңгейде реттеуді дамыту келесідей тенденциялармен ерекшеленеді:

1. Еңбек көші-қонын реттеу кезінде бір жақты реттеуден көпжақты реттеуге өту кезінде шетелдік жұмыс күшіне қатысты елдердің экономикасының ашылуы немесе жабылуы орын алады (Шумилов В.М. 2014 : 175);

2. Халықтың көші-қонының ұлғаюы орын алады;

3. Адам құқықтарының сақталуы мен кемсітушілікке жол бермеу қағидаты сақталады;

4. Заңсыз еңбек көші-қонымен күресудің сапасы жоғарылайды;

5. Еңбек көші-қонымен байланысты аумақтық және халықаралық ынтымақтастықтың нығаюы орын алады.

Сонымен, халықаралық деңгейде еңбек көші-қонының реттелуі еңбекшілердің құқықтарын қорғауды реттеудің факторы ретінде қарастырамыз. Бұл ЕЭО аясында еңбекшілердің құқықтарын қорғауда қолдануға қажетті кең тәжірибесін береді. ЕЭО еңбекшілері құқықтарын зерттеуді осы қайнар көздерден айналып өте алмаймыз.

Ендігі кезекте ЕО аясында еңбекшілер құқықтарын реттеу тәжірибесіне зерттеу жасайтын болсақ, мемлекеттердің бір одақтың аясына бірігуі арқылы, өзара қарым-қатынасын нығайтудың мүмкіндігі болатын алғашқы ойды Наполеон Бонапартқа тиесілі деп жатады (К.В. Душенко 2008: 157).

Ары қарай, 1948 жылы Гаагада Еуропалық Конгресс құрылып, Еуропа елдерінде заңсыз еңбек мигранттарымен күрес жүргізу мен оларға заңды түрде көмек көрсетудің амалдарын шешудің жолы ретінде Еуропалық Одақтың (ары қарай – ЕО) құрылғанын білеміз. Бұл Одақ әрине тек қана еңбекші мигранттарға ғана құрылған жоқ, әрине, мүше мемлекеттер арасында экономикалық, саяси жағынан байланыс орнатуды көздегенімен, Одақтың назарынан еңбекші мигранттардың тағдыры таса қалған жоқ.

Бұл одақтың аясында еңбекші мигранттардың мәселесі басты және де қиын процесс деп айтсақ қателеспейміз. Себебі, еңбек көші-қонымен адамдардың көшіп-қонуы ғана емес, елдің экономикасы мен әлеуметтік жағдайының өзгеруіне барынша ықпалын тигізетін қоғамдық қатынас

саналады. Сондықтан да оны ЕО аясында реттеудің тәжірибесі мол екенін ескере отырып, олардың жүріп өткен жолымен ЕЭО алғашқы қадамдарын жасаудың мүмкіндігі туындайды.

Тарихи көрсеткіштерге сүйенетін болсақ, ЕО Маастрихт келісімшартының негізінде 1992 жылы құрылып, 1993 жылы 1 қарашада күшіне еніп, құрамында 28 еуропалық мемлекеті бар одақ саналады (wikipedia).

Маастрихт келісімшартында 15 ЕО мүше мемлекеттер арасында қауіпсіздік пен еңбек көші-қонына байланысты ынтымақтастықты нығайтатын қағидаттарды бекітті. Жалпы алғанда Маастрихт келісімшарты одақтың азаматы деген қағидатты бекітіп берді.

ЕО құжаттары әртүрлі нысанда болып, ынтымақтастық, серіктестік және ассоциация түрінде болып келеді – деп өз зерттеуінде П.А. Калиниченко ЕО мемлекеттер арасындағы қарым-қатынасқа түсуін үшке бөлген (П.А. Калиниченко 2011:21). Ынтымақтастық өз алдына интеграциялық бағытты ұстанбайды, ол кеңестер берумен шектелетінін айтады. Ал, серіктестік болса, ынтымақтастыққа қарағанда үлкен дәрежеге ие бола отырып, ЕО халықаралық аренадағы күшін көрсете алады. Ассоциация болса, ЕО мүше болып табылмайтын үшінші елдермен қарым-қатынас орнатудың қиын нысаны болып табылады (Калиниченко 2011: 21).

Осылайша үш нысанның жұмыс жасауы ЕО өз пайдасын әкелетіні шындық. Бірақ, біздің білетініміз бойынша, ассоциация болу үшін ЕО үшінші мемлекеттер арасында келісім қажет. Ассоциацияны келісім арқылы орнатып, ЕО мүше болып табылмайтын үшінші мемлекеттер еңбек көші-қоны бойынша қатынастарын жүзеге асыра береді.

С.Ю. Кашкин ары қарай Еуразиялық қауымдастық пен ЕО мүше мемлекеттері арасында қарым-қатынасты нығайту мақсатында алғашында Амстердам, артынан Лиссабон келісімшарты қабылданғанын айтады (Кашкин 2014: 33).

Амстердам келісімшартының 13 бабында ЕО мүше мемлекеттері арасында азаматтықты ауыстырмайды, тек толықтырады, ал азаматтық өз мемлекетінің еншісінде қалатыны туралы норманы бекітті (libraryway).

Лиссабон келісімшарты ЕО қазіргі күні жұмыс жасайтын негізгі құжаты саналады. Лиссабон келісімшартының нормасында ЕО мүше мемлекеттердің еңбек мигранттарының құқықтары мен бостандықтарын қорғап қана қоймай, үшінші мемлекеттердің еңбекші

мигранттарының елге кіруінің талабын қаталдатып қана қоймай, оларға жұмыс жасауға мүмкіндік беретін талаптары да берілген.

Лиссабон келісімшартында келесідей қағидаттар бекітілді:

- ЕО ішкі құрылымы жеңілдетілген нысанда жұмыс жасайтыны туралы. Бұл дегеніміз, ЕО бірыңғай күзiреттілікті ұстанып, мүше мемлекеттеріне бірдей тәртіпті қолданады, яғни еңбекшілерінің құқықтары мен бостандықтары жұмыс жасайтын елмен тең дәрежеде болатыны туралы бекіткен.

- ЕО аясында құқықтар мен бостандықтардың теңдігі. ЕО аясында еңбекшілердің құқықтары мен заңды мүдделеріне нұқсан келтірілген жағдайда, олар ЕО сотына шағымдану құқықтары болады.

- Демократиялық қағидаттың орын алуы. Бұл жерде мүше мемлекеттердің қандай да бір жаңадан келісім орнату кезінде сөз бостандығының болуы және т.б.

- Дауыс беру арқылы шешім қабылдау. Бұл жерде ЕО мүше мемлекеттердің басым көпшілігі дауыс беру арқылы келісімге келсе, қалғандарына бұл шешім міндетті болады. Бірақ, бұл жерде бұл қағидаттың демократиялық қағидатқа қарсы келмейді ме? – деген сұрақты туындатпай қоймайды. Бірақ, келісім арқылы дауыс беріп, артынан оны қабылдауға міндеттілік әдісі заңдылық емес пе. Сондықтан да дауыс беру арқылы шешім қабылдау біздің ойымызша жақсы тәжірибе болып саналады.

- ЕО құрамынан еркін шығу құқығы. ЕО құрамынан бір мүше мемлекетінің өз еркімен шығуының механизмдері көрсетілген.

- ЕО құрамына кірмейтін мемлекеттерге жеңілдіктер беру қағидаты қарастырылған. Бұл жерде Ресей Федерациясына қатысты жағдайды ескерсек болады. Біздің ойымызша, бұл да жақсы жағдай жасайтын ереже болып табылады.

ЕО үшінші мемлекеттерге қатысты жеңілдіктер беретінін Л.С. Пасякина да зерттеген. Ғалымның айтуынша, ЕО үшінші елдің азаматтарының ішінде келесі топтарға жеңілдіктер: студенттер, өз ықтиярымен жұмысқа келгендер, ғалымдар, жас мамандарға қатысты қарастырылған (Пасякина Л.С. 2011: 100).

Әрине ЕО бұл тәжірибесі қызықтырғанымен, өзіндік тәуекелдерімен де тығыз байланысты екенін түсінеміз, себебі ол ішкі еңбек нарығы мен интеллектуалдық жағынан да нұқсанын келтіруі мүмкін. Бірақ, ЕО тәжірибесінің молдығынан бұл тәжірибеден қорықпай қолданып отырғаны, ЕЭО да неге қолданып көрмеске? Сондай-ақ,

ЕО тарап кеткен “көгілдір карта” атты құжатпен жүруі білікті мамандарды жұмысқа тартуға біраз жеңілдіктер қарастыратынын білеміз. Бұл еңбекшілердің құқығын реттеудегі пайдалы механизм деп ойлаймыз.

ЕЭО еңбекшілер құқығын реттеудің тәжірибесін зерттеу нәтижесінде ЕО тәжірибесін ескерудің алғы шарттары мәселесі.

ЕЭО ЕО сияқты құрудың идеясын алғашқы рет 2004 жылы Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың М.В. Ломоносов атындағы МГУ студенттерінің алдында баяндама жасаған кезінде ұсынған болатын (zakon.kz).

Одан кейін ортаға жиырма жыл уақыт салып, 2014 жылы ЕЭО құру туралы келісім Москвада бекітілді. Әрине интеграция мен экономикалық қарым-қатынастың ортақ еңбек нарығын құру жолына жылжып, еңбек көші-қоны сұрақтарын реттеусіз мүмкін емес.

ЕЭО аясында еңбек көші-қонына байланысты еңбекшілердің құқықтары мен бостандықтарын қорғайтын құқықтық аспектілердің артықшылықтары мен әлі де жетілдіруге қажетті тұстарына зерттеу жасадық.

Артықшылықтары ретінде:

- ЕЭО келісімі арқылы ЕЭО мүше мемлекеттердің азаматтарына және отбасы мүшелеріне жұмысқа орналасу үшін ешқандай кедергісіз, уәкілетті мемлекеттік органның рұқсатынсыз кіріп шығуына болатынын;

- Еңбек өтілінің есептелінуі мен әлеуметтік, медициналық және зейнетақымен қамсыздандыру мәселесінің оң шешімін беру қарастырылып жатқандығы;

- Жұмысқа кедергісіз орналасу үшін арнайы мамандықтар (мысалы: заңгер, дәрігер, фармацевт т.б.) болмаса, басқа мамандықтардың мойындалмай қабылдануы;

- ЕЭО органдарының еңбекшілердің құқықтары мен бостандықтарын қорғауға қатысты іс-шараларды (Мысалы: ЕЭО сотының шешімі мен ЕЭК ЕЭО мүше мемлекеттерімен жасаған келісімшарттары) жүзеге асырып отырғаны.

Бұл ЕЭО келісімшартының еңбекшілерге қатысты артықшылықтары ретінде қарастырылатын болса, ендігі кезекте осы артықшылықтарды да жетілдіру қажеттілігіне тоқталатын боламыз. Рұқсатсыз кіріп-шығу болғанымен, ол бәрібір де ЕЭО келісімшартында көрсетілгендей, шектеу мерзімдерін қарастырып қойған, 30 күн тіркелмей жүру сияқты шектеу бар. Ал, ЕО тәжірибесінде уақыты жағынан шектеу қойылмаған. Ал, егер еңбек шарты мерзімі

бітіп немесе уақытынан бұрын жұмыстан шығарылған жағдайда, елге кіргеннен бастап, 90 күн өтіп келген жағдайда, 15 күннің ішінде қызмет көрсету немесе еңбек шартын жасап, еңбекпен қамтылуы тиіс. Яғни бәрібір де, ЕЭО аумағында еңбекшілерге белгілі бір тәртіпке шақыратын шектеулер бар.

ЕО тұлғалардың еркін қозғалысын экономикалық тұрғыдан негіздейтін қағидат ЕО жұмыс жасауы туралы келісімшарттың 18 бабында еңбек етушілердің еркін қозғалысына байланысты кемшілікті қолдануға болмайды деп көрсетілген. Бұл ЕО тәжірибесін Кеден Одағы туралы 1999 жылғы келісімшарт қолданады деп, өз зерттеуінде Р.Ш. Давлетгельдеев те қарастырып кеткен (Давлетгельдеев Р. Ш. 2018: 597).

Бұл жерде автордың айтқысы келгені еркін қозғалыста болу тек қана ЕО мүше мемлекеттердің азаматтарына ғана емес, үшінші елдің азаматына да қатысты ЕО аумағында қолдануға мүмкіндік береді.

ЕО аумағында еркін жүріп тұру қағидатына сәйкес ЕО келесідей сот тәжірибесін назарға алдық. Италия азаматы Рутили Францияда тұрады, атқаратын қызметі кәсіптікодақтың қызметкері. Оған ішкі істер министрлігінің өкілдігімен тұруға рұқсат құжаты беріліп, оның ішінде Францияның кейбір аудандарында тұру құқығы шектеледі. Ол бұл шектеуді құқығын шектеп отыр деп, Франция сотына талаптанады. Франция соты оның арызын ЕО сотына жібереді. ЕО соты бұл ішкі істер министрлігінің өкілін 64/221 Дерективаның нормасына сәйкес заңсыз деп таныған, себебі ЕО мүше мемлекеттерінің азаматтарына еркін жүру құқықтары қарастырылған (Зинченко 2011).

ЕЭО аумағында осындай мәселе орын алмағанымен, еңбекшілерге қатысты басқа да шектеулер орын алғанын білеміз. Бірақ, еркін қозғалыста болуына қатысты ЕО сотының тәжірибесі маңызды деген пікірдеміз. Еңбекшінің өзі ғана емес, оның отбасы мүшелері де сондай құқықты иеленуі тиіс деп ойлаймыз, шектеулермен кездеспеуі керек.

ЕЭО аумағында зейнетақымен қамсыздандыру, жұмысқа орналасуда шектеулердің кездесуі, ғылыми дәрежені мойындап, мамандықты мойындамау сияқты мәселелер әлі де болса, ЕЭО аумағында орын алып отыр. ЕЭО аумағында зейнетақымен қамсыздандыру мәселесіне назар аударылып жатқанымен, әлі де ЕЭО келісінде әлеуметтік қамсыздандыру туралы тарау жоқ екенін айтамыз. Әлеуметтік

қамсыздандырылу мәселесі ЕЭО аясында шешімін таба алмай жатса, ЕО аясында үшінші елдің азаматтарына қатысты әлеуметтік қамсыздандыру мәселесі қарастырылып қойғанын айтамыз. Бұл туралы К. Клуа да өз зерттеуінде атап кеткен. ЕО интеграциялық саясатты ұстану кезінде азаматтардың лайықты өмір сүруін алғышарт ретінде қарастырады. Сондықтан да, Еуропалық соттың тәжірибесінде Сервет Камберайдың ісі кемсітушілік ретінде қарастырылған (Клуа 2013/43: 19).

Аталған істе Италияда тұрақты тұратын Албания азаматына әлеуметтік жәрдемақы төлеу мәселесі көтерілген болатын. Төлемеу туралы шешімнің себебін жергілікті атқарушы органдар бюджеттегі қаржының жеткіліксіздігі деп айтқан. ЕО соты “Ұзақ мерзімді негізде тұратын үшінші ел азаматтарының мәртебесі туралы” 2003 жылғы 25 қарашадағы 2003/109/ЕО Кеңесінің Дерективасының нормасына сәйкес (<http://iconinvest.ru/zakonodatelstvo>), ЕО ұзақ мерзім тұратын үшінші елдің азаматы ЕО азаматтарымен тең дәрежеде құқықтар мен бостандықтарды иелене алады деген шешім шығарған. Бұл сот тәжірибесін әлеуметтік қамсыздандыру саласын жаңғыртудағы үздік тәжірибе деп түсінеміз.

Білімге қатысты оның ЕО аумағында мойындалуының тәжірибесін А. Абылайұлы зерттеуінде қарастырған болатын (Абылайұлы А. 2014: 78). Біліктілікті мойындау қажеттілігі туралы ЕО тәжірибесіне зерттеу жүргізген Т.С. Заплатаина ғылыми зерттеуінде ЕО және ЕЭО аясында қарастырып кеткен (Заплатаина Т.С. 2018: 126). Бұл мәселе ғалымдармен жан-жақты, салыстырмалы тұрғыдан қарастырылып жатқанымен, әлі де болса шешімін табуы қажет мәселе болып келеді. Мамандығы мен біліктілігінің мойындалмауынан біраз ЕЭО еңбекшілері жұмысқа орналасу құқығынан шектеліп отыр. Ол дегеніміз ЕЭО мүше мемлекеттер өзінің ішкі нарығын қорғау мақсатында өздерінің азаматтарына сыртқа шығып, біліктілігін көрсету, тәжірибемен алмасу сияқты құқықтарын шектеп отыр дегіміз келеді. Бұл мәселенің міндетті түрде қарастырылып, ЕО дерективалары сияқты аумақтық құжаттардың ЕЭО қалыптастыру қажеттілігі бар деп есептейміз.

Қорытынды

ЕО тәжірибесінен ЕЭО аумағында еңбекшілердің еңбегін құқықтық реттеудің тәжірибесін зерттей келе, келесідей қорытынды жасадық:

- Еңбек көші-қонының халықаралық деңгейде реттелуінің бірнеше қайнар көздерден тұратынын анықтадық. Олардың бірін айналып өтіп, ЕЭО еңбекшілердің құқықтарын қорғау мүмкін емес екенін түсіндік. Сондықтан ЕЭО еңбек етуге құқық тақырыбын қарастырған жағдайда халықаралық шарттар, салт-дәстүрлер, сот шешімдері, халықаралық ұйымдардың актілері сияқты құжаттар назардан қалмауы тиіс.

- Еңбекшілердің құқықтары мен бостандықтарын халықаралық деңгейде реттеуге тиімді көмек көрсететін халықаралық ұйымдар мен мекемелердің (КҚХҰ, ХЕҰ, БҰҰ) қызметіне талдау жасай отырып, осы ұйымдармен ЕЭО қарым-қатынасын ЕО сияқты нығайту ұсынылады. ЕЭО аясында бұл халықаралық әмбебап ұйымдардың көмегіне жүгінген тәжірибесі жоқтың қасы саналады. Біз керісінше, осындай үлкен тәжірибесі бар ұйымдармен үнемі байланысты болып, ортақ жұмыстар атқару, жобаларға қатысу қажет деп ойлаймыз.

- ЕО аясында еңбекшілердің құқықтары мен бостандықтарын қорғайтын актілерді талдау жасау арқылы, ЕЭО аясында еңбекшілердің құқықтары мен бостандықтарын реттейтін қағидаттардың болуының қажеттілігі ұсынылады. Атап айтатын болсақ, біріншіден: ЕО аясында тек қана Одаққа мүше мемлекеттер аясында еңбекшілердің құқықтары қорғалып қана қоймай, елдің миграциялық саясатына сәйкес, үшінші елдердің еңбекші мигранттарына жағдай жасауға да арналған. Осы мәселені ЕЭО аясында қарастырып көріп, мүмкіндіктерді қарастыру арқылы, тек қана ЕЭО аясында қалып қоймай, жалпы елде орын алған заңды, заңсыз еңбекші мигранттардың жағдайына ЕЭО аясында көмек көрсету жолдарын беру жөн деп ойлаймыз. Екіншіден: ЕО аясында мүше мемлекеттердің дауыс беру арқылы келісімге келу қағидаты қызықтырады. Осы қағидатты ЕЭО аясында қолданып көрсе, ЕЭК жұмысын біраз жеңілдететін еді деген ойдымыз. Үшіншіден, ЕО тәжірибесіндегідей, ЕЭО мүшелігінен мемлекеттердің қалауы бойынша, өз еркімен шығу туралы қозғалыстың құқықтық механизмі ЕЭО келісімде көрсетілуі дұрыс деп ойлаймыз. Төртіншіден, ЕЭО мүше емес үшінші мемлекеттердің азаматтарына жұмыс жасауы кезінде ЕО сияқты жеңілдіктер қарастыру. Бесіншіден, ЕО сотының тәжірибесі негізінде үшінші мемлекеттің азаматтарына да қатысты әлеуметтік жәрдем көрсету қарастырылған. Бұл тәжірибені адамгершілік тұрғысынан үздік

тәжірибе ретінде ескере отырып, ЕЭО аумағында да ЕЭО келісіміне азаматтарды әлеуметтік қамсыздандыру туралы тараудың еңбек көші-қонымен бірге орын алып, реттелуін ұсынамыз.

- ЕО тәжірибесіне сүйене отырып, үшінші елдің еңбекші азаматтарына қатысты жеңілдіктер беру не болмаса “көгілдір карта” сияқты құжат енгізу қажеттілігін ұсынамыз.

- ЕО сот тәжірибесіне талдау жасау арқылы ЕО еңбекшілерінің құқықтарын қорғауға заңды түрде кепілдіктер берудің сақталу мәселесі қарастырылып, еңбекшілер мен олардың отба-

сын қорғайтын аумақтық келісімнің қажеттілігі анықталды. ЕЭО аясында да осындай мәселе орын алмауы үшін ЕО тәжірибесін қолданып, ЕЭО мүше мемлекеттерде бәріне ортақ талап қоятын аумақтық келісімдер қабылдаған дұрыс деп ойлаймыз.

ЕЭО еңбек ететін азаматтары мен үшінші мемлекеттің азаматтарының өздері ЕЭО аясында ЕО сияқты қорғалатынын сезінсе, бұл халықаралық деңгейде ЕЭО мәртебесін көтеретін еді. Оған мүше мемлекеттердің де құқықтық мәртебесі көтеріледі деген пікірдеміз.

Әдебиеттер

Международная миграция и современный мир: учебное пособие / Н.И. Агамиров, Г.Г. Гольдин, Н.Н. Хасбулатова / Под общ. ред. Г.Г. Гольдина. Российская академия адвокатуры и нотариата. – М.: Граница, 2010. – 144 с.

Душенко К.В. Всемирная история в изречениях и цитатах: справочник. – М., 2008. – 1595 с. [Электронный ресурс]. – Режим доступа: URL: <https://books.google.ru/books?id=6dSCAQAAQBAJ&pg=PT367&dq=Соединённые+Штаты+Европы&hl=ru&sa=X&ved=0ahUKewjqwphyaTUAhXCJSwKНbBGAYI4ChDoAQgwMAM#v=onepage&q=Соединённые%20Штаты%20Европы&f=false> (13.01.2020).

Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы. Декларация Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының резолюциясымен 1948 жылғы 10 желтоқсанда № 217 А (III) қабылданған. [Электронды ресурс]. – Қатынасу режимі: URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/O4800000001> (14.01.2020).

Европейский союз: материал из Википедии – свободной энциклопедии. [Электронный ресурс]. – Режим доступа: URL: https://ru.wikipedia.org/wiki/Европейский_союз (14.01.2020).

Калиниченко П.А. Столкновение и взаимодействие интеграционных пространств в торговле: антидемпинговое право и практика ЕС в отношениях с Россией и другими странами ЕвразЭС: монография. – М., 2011. – 300 с.

Кашкин С.Ю. Право Европейского Союза: учебник для бакалавров. – М.: Проспект, 2015. – 320 с.

Амстердамский Договор 1997 Года. [Электронный ресурс]. – Режим доступа: URL: <https://libraryway.weebly.com/амстердамский-договор-1997-года-текст> (14.01.2020).

Пасякина Л.С. ЕС и трудовая миграция. Современная Европа, 2011. – С. 92-107.

Зинченко Н.Н. Практика Суда ЕС по рассмотрению дел, связанных с правовым статусом трудящихся-мигрантов и членов их семей в странах Европейского союза // Адвокат, 2011, № 12. [Электронный ресурс]. – Режим доступа: URL: <http://center-bereg.ru/o1905.html> (21.01.2020).

Как создавался Евразийский экономический союз? // <https://www.zakon.kz/4627591-kak-sozdavalsja-evrazijskij.html> (13.01.2020).

Давлетгельдеев Р.Ш. Международное правовое регулирование трудовой миграции в Евразийском регионе: попытка приблизиться к свободе передвижения работников? // Журнал исследований социальной политики. Том 16. – № 4. – С. 595-610.

Конвенция Международной Организации Труда № 97 «О трудящихся-мигрантах» (Женева, 8 июня 1949 г.) [Электронный ресурс]. – Режим доступа: URL: https://online.zakon.kz/document/?doc_id=1018307 (22.01.2020).

Конвенция Международной Организации Труда № 118 «О равноправии граждан страны и иностранцев и лиц без гражданства в области социального обеспечения» (Женева, 6 июня 1962 г.) [Электронный ресурс]. – Режим доступа: URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=1030031 (22.01.2020).

Конвенция Международной Организации Труда № 143 «О злоупотреблениях в области миграции и об обеспечении трудящимся-мигрантам» (Женева, 24 июня 1975 года) [Электронный ресурс]. – Режим доступа: URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30924363 (22.01.2020).

Конвенция Международной Организации Труда № 111 «О дискриминации в области труда и занятий» (Женева, 25 июня 1958 г.) [Электронный ресурс]. – Режим доступа: URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=1011035 (22.01.2020).

Шумилов В.М. Международное экономическое право: учебник для вузов. – М.: Юрайт, 2014. – 305 с.

Крума К. Сравнительный анализ политики интеграции стран проекта KARIM-Восток. Научно-исследовательский отчет 2013/41. – Италия, 2013. – 28 с.

Директива 2003/109/ЕС СОВЕТА от 25 ноября 2003 г. «О статусе граждан третьих стран, проживающих на долгосрочной основе». (Journal officiel de l'Union européenne L 16 du 23.1.2004, p. 44. Перевод и предисловие Четверикова А.О.). [Электронный ресурс]. – Режим доступа: URL: <http://iconinvest.ru/zakonodatelstvo/30-zakonodatelstvo/direktiva-2003-109-es-soveta-ot-25-noyabrya-2003-g-o-statuse-grazhdan-tretikh-stran-prozhivayushchikh-na-dolgosrochnoj-osnove-perevod-na-russkij-yazyk/53-direktiva-2003-109-es-soveta-ot-25-noyabrya-20> (22.01.2020).

Абылайұлы А. Международно-правовое регулирование сотрудничества государств в сфере высшего образования (на примере Республики Казахстан): диссертация на соискание ученой степени доктора философии PhD. – Астана, 2014. – 154 с.

Заплата Т.С. Правовое регулирование взаимного признания профессиональных квалификаций государствами-членами Европейского Союза: диссертация ... кандидата юридических наук. – М., 2018. – 210 с.

References

Abylajuly A. (2014) Mezhdunarodno-pravovoe regulirovanie sotrudnichestva gosudarstv v sfere vysshego obrazovaniya (na primere Respubliki Kazahstan): dissertacija na soiskanie uchenoj stepeni doktora filosofii PhD. Astana. 154 s.

Adam quyqytarynyng zhalpyga birdej deklaracijasy. Deklaracija Birikken Ulttar Ujymy Bas Assamblejasynyng rezoljucijasy-men 1948 zhylygy 10 zheltokanda № 217 A (III) qabyldangan. [Jelektronny resurs]. – Қатynасu rezhimi: URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/O4800000001> (14.01.2020).

Direktiva 2003/109/ES SOVETA ot 25 nojabrya 2003 g. «O statuse grazhdan tret'ih stran, prozhivajushhih na dolgosrochnoj osnove». (Journal officiel de l'Union européenne L 16 du 23.1.2004, p. 44. Pervod i predislovie Chetverikova A.O.). [Jelektronnyj resurs]. – Rezhim dostupa: URL: <http://iconinvest.ru/zakonodatelstvo/30-zakonodatelstvo/direktiva-2003-109-es-soveta-ot-25-noyabrya-2003-g-o-statuse-grazhdan-tretikh-stran-prozhivayushchikh-na-dolgosrochnoj-osnove-pervod-na-russkij-yazyk/53-direktiva-2003-109-es-soveta-ot-25-noyabrya-20> (22.01.2020).

Davletgel'deev R. Sh. Mezhdunarodnoe pravovoe regulirovanie trudovoj migracii v Evrazijskom regione: popytka priblizit'sja k svobode peredvizheniya rabotnikov?: Zhurnal issledovanij social'noj politiki. Tom 16. № 4. – S. 595 – 610.

Dushenko K.V. Vsemirnaja istorija v izrechenijah i citatah: spravochnik. Moskva, 2008. 1595 s. [Jelektronnyj resurs]. – Rezhim dostupa: URL: <https://books.google.ru/books?id=6dSCAQAAQBAJ&pg=PT367&dq=Соединённые+Штаты+Европы&hl=ru&sa=X&ved=0ahUKewjqwphyaTUAhXCJSwKHbBGAYI4ChDoAQgwMAM#v=onepage&q=Соединённые%20Штаты%20Европы&f=false> (13.01.2020).

Evropejskij sojuz: material iz Vikipedii – svobodnoj jenciklopedii. [Jelektronnyj resurs]. – Rezhim dostupa: URL: https://ru.wikipedia.org/wiki/Европейский_союз (14.01.2020).

Kak sozdavalsja Evrazijskij jekonomicheskij sojuz? <https://www.zakon.kz/4627591-kak-sozdavalsja-evrazijskij.html> (13.01.2020).

Konvencija Mezhdunarodnoj Organizacii Truda № 97 «O trudjashhihsja-migrantah» (Zheneva, 8 ijunja 1949 g.) [Jelektronnyj resurs]. – Rezhim dostupa: URL: https://online.zakon.kz/document/?doc_id=1018307 (22.01.2020).

Konvencija Mezhdunarodnoj Organizacii Truda № 118 «O ravnopravii grazhdan strany i inostrancev i lic bez grazhdanstva v oblasti social'nogo obespechenija» (Zheneva, 6 ijunja 1962 g.) [Jelektronnyj resurs]. – Rezhim dostupa: URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=1030031 (22.01.2020).

Konvencija Mezhdunarodnoj Organizacii Truda № 143 «O zloupotreblenijah v oblasti migracii i ob obespechenii trudjashhihsja-migrantam» (Zheneva, 24 ijunja 1975 goda) [Jelektronnyj resurs]. – Rezhim dostupa: URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30924363 (22.01.2020).

Konvencija Mezhdunarodnoj Organizacii Truda № 111 «O diskriminacii v oblasti truda i zanjatij» (Zheneva, 25 ijunja 1958 g.) [Jelektronnyj resurs]. – Rezhim dostupa: URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=1011035 (22.01.2020).

Kruma K. (2013) Sravnitel'nyj analiz politiki integracii stran proekta KARIM-Vostok. Nauchno-issledovatel'skij otchet 2013/41. Italija. 28 s.

Kalinichenko P.A. Stolknovenie i vzaimodejstvie integracionnyh prostranstv v trgovle: antidempingovoe pravo i praktika ES v otnoshenijah s Rossiej i drugim stranami EvrAzJeS: monografija. Moskva, 2011. 300 s.

Kashkin S.Ju. Pravo Evropejskogo Sjuza: uchebnik dlja bakalavrov. Moskva: Prospekt, 2015. 320 s.

Amsterdamskij Dogovor 1997 Goda. [Jelektronnyj resurs]. – Rezhim dostupa: URL: <https://libraryway.weebly.com/amsterdamskij-dogovor-1997-goda-tekst> (14.01.2020).

Mezhdunarodnaja migracija i sovremennyj mir: uchebnoe posobie. / Agamirov N.I., Gol'din G.G., Hasbulatova N.N./ Pod. obshh.red. Gol'dina G.G. Rossijskaja akademija advokatury i notariata. Moskva: Granica, 2010. 144 s.

Pasjakina L.S. ES i trudovaja migracija. Sovremennaja Evropa, 2011. – S. 92 – 107.

Shumilov V. M. Mezhdunarodnoe jekonomicheskoe pravo. Uchebnik dlja vuzov. Moskva: Jurajt, 2014. 305 s.

Zinchenko N.N. Praktika Suda ES po rassmotreniju del, svjazannyh s pravovym statusom trudjashhihsja-migrantov i chlenov ih semej v stranah Evropejskogo sojuza. Advokat, 2011, № 12. [Jelektronnyj resurs]. – Rezhim dostupa: URL: <http://center-bereg.ru/o1905.html> (21.01.2020).

Zaplatina T. S. Pravovoe regulirovanie vzaimnogo priznanija professional'nyh kvalifikacij gosudarstvami-chlenami Evropejskogo Sojuza: dissertacija ... kandidata juridicheskikh nauk. Moskva, 2018. 210 s.